

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016»** атты  
XI Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

---

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XI Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»**

---

PROCEEDINGS  
of the XI International Scientific Conference  
for students and young scholars  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір  
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2016»  
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XI Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS  
of the XI International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2016»**

**2016 жыл 14 сәуір**

**Астана**

**ӘӨЖ 001:37(063)**

**КБЖ 72:74**

**Ғ 96**

**Ғ96** «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – .... б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-764-4**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**ӘӨЖ 001:37(063)**

**КБЖ 72:74**

**ISBN 978-9965-31-764-4**

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2016

1993.

7. Кухарев Н.В. На пути к профессиональному совершенству. – М., 1990.

**ӘОЖ 37.013.42:615.851**

## **ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІНДЕ АРТ ТЕРАПИЯНЫ ҚОЛДАНУ**

**Жолдыбаева Салтанат Қайратқызы**

[Saltan\\_96\\_96@mail.ru](mailto:Saltan_96_96@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультеті, Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасының 2-курс студенті, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі: – п.ғ.к., доцент Асылбекова М.П.

*Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеттеріне: білім бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау және жеке адамның шығармашылық рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілікпен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру және басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы парасатты байыту» деп атап көрсеткен [1]. Осыған байланысты қоғам алдына оқушының жеке басын үйлесімді дамытуға бағыттайтын міндеттер қойылып отыр. Қазіргі таңда білім беру жүйесінде даму мүмкіндігі шектеулі балаларға айрықша орын бөлінген. Бұл балаларға қатысты біздің алдымызда тұрған негізгі міндет – олардың әлеуметтік ақталуы мен бейімделуіне, қоғамдағы толыққанды өмірге дайындалуына жағдай жасау және көмек көрсету.*

*Қазақстан Республикасы Президентінің 07.12.2010 жылғы №1118 Жарлығымен бекітілген білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасында инклюзивті білім беру жүйесін жетілдіру мәселесі қарастырылып, алғаш рет «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және дәрігерлік-педагогикалық тұрғыдан қолдау» туралы заңы қабылданды [2].*

*Қазіргі уақытта дамуында ақауы бар балалар саны артып отыр. Оларды оқыту кеңейіп, түзетін қолдау технологиялары жетілдіруде. Инклюзивті білім беру ерекше балаға білім беру саясатының бір түрі болып табылады. 2015 жылға дейін инклюзивтік білім беру мен мүмкіндігі шектеулі балалардың 25 пайызын қамту көзделсе, инклюзивті білімге жағдай жасаған мектеп үлесі 30-ға жету керек.*

Инклюзивті білім беру дегеніміз – балалардың жынысына, жас ерекшеліктеріне, географиялық тұратын жеріне, қимыл-қозғалыстық және ақыл-есінің жағдайына, әлеуметтік-экономикалық жағдайына қарамастан, сапалы білім алу және өздерінің потенциалдық дамыту мүмкіндігіне ие болу.

Сонымен, инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс жүргізетін мектептерде білім мазмұнын үш түрлі бағдарлама бойынша реттеген абзал. Атап айтқанда: жалпы мектептерге арналған типтік оқу бағдарламалары; мүмкіндігі шектеулі балалардың ақаулық типтеріне сәйкес арнаулы білім беру бағытындағы оқу бағдарламалары; мүмкіндігі шектеулі балалардың психофизикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып әзірленетін оқытудың жеке бағдарламасы.

Инклюзивті білім беру мәселесі шет елдерде 1970 жылдан бастау алады, ал 90 жылға қарай АҚШ пен Еуропа өздерінің білім беру саясатына осы бағдарламаны толық енгізді. Ал, біздің елімізде инклюзивті білім беру жүйесінің дамуы туралы ресми дерек «Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» көрсетілді. Осы бағдарлама төңірегінде инклюзивті білім беруді жетілдіру мәселелері қарастырылып, 2015 жылға мына міндеттерді шешу көзделген:

➤ мүмкіндіктері шектеулі балаларды біріктіріп оқытудың модульдік бағдарламалары жасалады;

➤ мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім беретін ортада біріктіріп оқыту ережесі әзірленеді;

➤ түрлі кемістігі бар балалар үшін бірігу нысандары анықталады;

➤ мүгедек балаларға қашықтықтан білім беруді ұйымдастыру қағидалары әзірленеді

[3]. Мемлекеттік бағдарлама негізінде 2020 жылға қарай мектептерде мүгедек балалар үшін көтергіш жабдықтар, пандустар, санитарлық бөлмелерде арнайы құралдар орнату, тұтқалармен, арнайы парталармен, үстелдермен және басқа да арнайы компенсаторлық құралдармен жабдықтау арқылы «кедергісіз аймақтар» құруы жоспарланған. Мектепте мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқытуға және тәрбиелеуге тең қол жеткізу үшін жағдайлар жасалу міндеті (мектептерде педагог-дефектологтардың, балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің, арнайы жеке техникалық және компенсаторлық құралдардың болуы) алға қойылған. Үйде білім алатын мүгедек балалар жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктері ескеріле отырып, компьютерлік техникамен қамтамасыз ету сияқты істері жүзеге асырылмақшы. Осылайша мемлекетіміз мүмкіндігі шектеулі жандарды әлеуметтік қорғау, олардың қоғамға етене араласуына, оларды оңалту, жұмысқа орналастыру және жаңа жұмыс орындарын құру, білім алу, оқыту, қайта мамандандыруда қолдан келгенше жағдай жасамақшы [3].

Саламан Декларациясына сәйкес инклюзивті білім беру саясатының міндеттері мынадай:

✓ Әрбір бала білім алуға құқылы және оны алуға тиіс.

✓ Әрбір баланың дара қабілеттері, қызығушылықтары, қажеттіліктері және оқуға деген мұқтаждықтары болады.

✓ Білім беру жүйесіне оң өзгерістер, яғни осы мұқтаждықтарды қанағаттандыру мақсатына орай өзгерту[4].

Инклюзивті оқыту – барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді.

Инклюзивті оқыту – оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді.

Инклюзивті оқыту – адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді.

*Инклюзивті оқытудың негізгі принциптері:*

➤ адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктерімен анықталады;

➤ әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті;

➤ әрбір адам қарым-қатынасқа құқылы;

➤ барлық адам бір біріне қажет;

➤ білім шынайы қарым-қатынас шеңберінде жүзеге асады;

➤ барлық адамдар құрбы-құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді;

➤ әрбір оқушы үшін жетістікке жету – өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру;

➤ Жан -жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді.

Инклюзивті оқыту – барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеретін, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы. Инклюзивті оқыту балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Егер инклюзивті оқытудың оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайлары да өзгереді. Инклюзивті оқытуды ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіншілік алады, өйткені олар бір бірімен қарым-қатынас жасауға, танып білуге, қабылдауға үйренеді [5].

Инклюзивтік білім беру – барлық балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-

педагогикалық және әлеуметтік қажеттіліктерін арнайы қолдау, қоршаған ортаның балаларды жас ерекшеліктеріне және білімдік қажеттіліктеріне бейімделуіне жағдай қалыптастыру, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

***Инклюзивті білім берудің мазмұны:***

Инклюзивті білім беретін мектептерде білім мазмұны 3 түрлі бағдарлама бойынша жүзеге асырылады:

- ❖ жалпы мектептерге арналған типік оқу бағдарламалары;
- ❖ мүмкіндігі шектеулі балалардың ақаулық типтеріне сәйкес арнаулы білім беру бағытындағы оқу бағдарламалары;
- ❖ мүмкіндігі шектеулі балалардың психофизикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып әзірленген оқытудың жеке бағдарламасы.

Қазіргі таңда инклюзивті білім беру аясында арт терапияның түрлі әдіс-тәсілдері қолданылып келеді. Арттерапия – бұл бейнелеу өнерімен емдеу дегенді білдіреді. “*Арттерапия*” – термині (*art – өнер, arttherapy – өнер арқылы терапия жүргізу*) көбіне ағылшын тілді халықтар қоныстанған елдерде кеңінен тараған. Арттерапия – ауру адамның психоэмоционалды халіне шығармашылық арқылы ем жүргізу және әсер етуді білдіреді. Алғаш бұл термин 1938 жылы Адриан Хиллдің санаторияда туберкулез ауруына шалдыққандардың көңіл-күйлерін сипаттау жұмысында пайдаланылған [6]. Кейіннен бұл термин өнерге қатысты барлық терапияның салаларында (музыкалық терапия, драмалық терапия, бимен терапия жүргізу т.б.) қолданыла бастайды. Бірақ көптеген мамандар мұндай анықтамаларды өте кең әрі нақты емес деп санайды. Отандық психотерапиялық әдебиеттерде кей кездерде “Изотерапия” және “Сурет терапиясы” термині қолданылады, бірақ олар ағылшын тілді аналогқа сәйкес емес және мән мағынасын тарылтады.

**Арттерапия** мынадай бағыттарды қамтиды: сурет терапиясы, драмтерапия, библиотерапия, музыкатерапия, кинотерапия, куколтерапия, битерапиясы. Фрейдтің алғашқы ойлар мен күйзелістер, бейнелер және белгілер формасында беріледі деген сөзіне сүйеніп Наумберг өнерді психотерапияның бір формасы екендігін айтқандардың бірі болды. Арттерапиялық әдістемелер жеке дара әдістеме ретінде де терапияның көмекші әдістемесі ретінде де қолданылады. Арттерапия клиенттің өзінің шығармашылығы және өнер шығармалары (картина, мүсін, кітап, киноөнері) арқылы жүзеге асырылады. Арттерапияны бірінші кезекте күрделі эмоциональдық күйзеліске ұшырағандарға, қарым-қатынаста қиналатындарға, көп үндемейтіндерге, ұялшақтарға қолданылады.

Картиналар адамдарға үлкен әсер етеді: көңіл-күйін құлазытуы, көтеруі, сезімдерін оятады. Кескіндеме тек қана жардың сәнін келтіріп қана қоймай, оған қарағанда бойын босаңсытуға, күнделікті ағымдық шаруалардан тынығуға мүмкіндік береді. Бейнелеу өнеріндегі күшті әсер ету құралы бұл кескіндемедегі бояу түстері. Ішкі сезімді сөзбен ғана емес, қолыңа, бояу, түрлі түсті қарындаш алып сурет салу арқылы білдіруге болады. Егер адам бір нәрсеге ашуланып, қиналса, көңіл-күйі түсіп кетсе, дереу сурет сала бастаса оның бойындағы жағымсыз эмоция кетіп, көңілі бірленеді. Түсті таңдауға байланысты да көптеген нәрсе айтуға болады: қызыл түс ашу ызаны, қара-қайғыны, сұр-мазасыздықты білдіреді. Мамандар жеке түстер ерекше ішкі сезім күйін, мысалы, сары және қызғылт сары сергектік пен көтеріңкі көңіл күй сыйласа, қоңыр түстер соған сәйкес көңіл-күй береді, жасыл түс адамды тыныштандырып, көңіл көтереді, жүйкесі қозғанда тыныштандырады, ұйқысыздықты болдырмайды [7].

Сонымен адам сурет сала отырып, өзінің ішкі сезімін, көңіл-күйін білдіруге мүмкіндік алады, өзіне жағымсыз жайттарды жеңіл қабылдайды. **Арттерапия** арқылы тұлға бойындағы қабілетін көрсетіп, шығармашылығын шыңдайды. Ал шығармашылық қабілеттер қиялдың байлығымен, ойлаудың ерекшелігімен, заттарға деген сындарлы көзқараспен жаңа шешім және идеяларды ұсыну мүмкіндігімен, өз білімін, икемділігі мен дағдысын іске асыру барысында өмірлік белсенді ұстаным көрсете білуімен сипатталады. Демек тұлға шығармашылығын дамытуда арттерапиялық әдістемелерді қолдану маңызды.

Қазіргі таңда Инклюзивті білім беру кеңістігінде арт терапияны қолдану өзінің оң нәтижесін берері қақ. Менің ойымша, мүмкіндігі шектеулі балалардың өз ойын жеткізуде, ортаға бейімделуде, ортамен қарым-қатынастың дұрыс болыуында арт терапияның түрлі бағыттары тиімді әсер етеді деген ойдамын. Инклюзивті білім беруде оқушылар арасында арт терапияны қолдану мүмкіндігі шектеулі баланың және ұжым іс-әрекетіне қатысуға, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, Инклюзивті оқытуда арт терапия әдістерін пайдалану арқылы барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеріп, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісін дамытуға болады. Мұндай оқыту түрі арнаулы білім беру жүйесінде дәстүрлі түрде қалыптасқан және даму үстіндегі формаларды ығыстырмайды, қайта жақындатады. Инклюзивті білім беруде арт терапия әдістерін қолдану арқылы мүмкіндігі шектеулі балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Осы бағытты білім беру жүйесіне енгізу арқылы оқушыларды адамгершілікке, ізгілікке, қайырымдылыққа тәрбиелей аламыз. Сонымен қоса, инклюзивті оқыту үрдісі балаларды толеранттылыққа тәрбиелеудің бастауы болмақ.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы // Егемен Қазақстан, 1999ж., 11 маусым.
2. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы» ҚР Заңы. 2002 ж. -№343
3. Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарына арналған мемлекеттік бағдарламасы. -Астана, 2010.
4. Саламан Декларациясы ЮНЕСКО 1994 ж
5. Шаяхметова М.Н., Жанабай А.М. Инклюзивті білім беру – қайырымдылық пен адамгершілік бастауы.
6. Копытин А.И. Арт-терапия. Хрестоматия. –СПб, 2001 ж. –С. 240
7. Дрохов М.Б. «Коррекция детских психоневротических расстройств с помощью игровой интерактивной изотерапии»// Вопросы психологии №1. 2007г.

**ӘОЖ 616-072;87:371**

### **ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҢАРУ КЕЗІНДЕГІ ІСКЕР АДАМДАРДЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ПСИХОЛОГИЯСЫ**

**Жорабек Балнұр Бағланқызы**

turmanova74@mail.ru

КАЗГЮУ, Экономика Жоғары Мектебі, Есеп және аудит мамандығының  
2-курс студенті, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі - Ж.Турманова

Ғылыми қауымдастық және іскерлік әлем кәсіби бизнесмендер іскерлік операцияларды жүргізуде сондай-ақ, «қоғам алдында корпорациялық жауапкершіліктер», «Әдептілік сана сезім» қажеттігін жетілдіру туралы келісімге келді. XXғ. аяғында АҚШ-та бизнес мектебінің көпшілігі сонымен бірге кейбір университеттер өздерінің оқу бағдарламасында әдеп бизнесін енгізеді. Бизнес этикасында бизнестің мораль немесе адамгершілік мәселелерінің 3 негізгі әдісі бар деп сипаттайды. Үш негізгі жолдамаға тірелетін утилитаризм, деонтикалық әдеп, және «әділеттілік әдебі». Америкалық ғалымдар М.Валаскес, Дж.Ролза, Л.Нэш сияқты ғалымдардың еңбектерінде көрсетілген.